

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған тері-венерологиялық диспансері» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

Хаттама №6

12.12.2023

Талдықорған қ.

Басталуы: 11:40 сағ.

Аяқталуы: 12-20 сағ.

Кеңес төрағасы: ШЖҚ «Талдықорған тері-венерологиялық диспансері» МКК-нің директоры – Ахметов А.Т.

Кеңес хатшысы: ШЖҚ «Талдықорған тері-венерологиялық диспансері» МКК-нің кадр маманы – Естемесова Р.Д.

Қатысқандар: Кәсіпорын меңгерушілері, «Сенім» кәсіподақ мүшелері, бас есепші, шаруа ісі меңгерушісі.

Өткізілген орны: Жетісу облысы Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 243.

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нормативтік-құқықтық базаны нығайту.

Баяндаушы: ШЖҚ «Талдықорған тері-венерологиялық диспансері» МКК-нің директоры А.Т.Ахметов: Кәсіпорын нормативтік-құқықтық базаны нығайту үшін:

- 1) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы әзірлеу және қатайту;
- 2) Қаржылық есептер мен бюджетті жоспарлаудың міндетті ашықтығы;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ескере отырып, оның алдын алуға бағытталған нақты нормалар мен принциптерді қамтитын медициналық қызметкерлердің әдеп кодексі мен мінез-құлық стандарттарын әзірлеу және енгізу;
- 4) Медициналық қызметкерлерді этика қағидаттарына, ашықтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерге жол бермеу іс-қимыл шараларына оқыту;
- 5) Пациенттер мен науқастардың шағымдары мен өтініштерін тиімді жүйесін құру;
- 6) Медициналық техниканы, дәрілік заттарды және қызметтерді сатып алу процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- 7) Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен бұзушылықтарды анықтау үшін жүйелі түрде ішкі аудит жүргізу.